A scroll of parchment is unrolled, showing a white sheet of paper in the center. The parchment is bound with two wooden rollers on the left and right sides. A quill pen and a gavel are resting on the left side of the scroll. The background is a textured, light brown surface.

*Жаңа заман  
мәдениеті*



**Жоспары:**

**Ағартушылы**

**Абстракционизм**

**Музыка**

**Поп арт өнері**


**Романтизм**



## **Ағартушылық ғасырының мәдениеті (XVIII ғасыр)**

XVIII ғасырдағы Еуропалық мәдениет — XVII ғасырдағы мәдениетінің заңды жалғасы болумен қатар, өзінің түрі, мазмұны және мәні жағынан ерекше мәдениет. XVII ғасыр рационализмнің қалыптасу кезеңі болса, ал XVIII ғасыр Ағартушылық ғасырына айналды. Бұл дәуірдің ұлы ағартушы — гуманистері: Вольтер мен Руссо (Франция), Гете мен Шиллер (Германия), Юм (Англия), Ломоносов пен Радищев (Ресей) және т.б. адамзат баласының теңдігін батыл қолдап, құлдық пен деспотизмге қарсы бітіспес күреске шақырды. Қоғамдық сананың жаңа сатыға көтерілуі, протестанизм идеяларының кеңінен таралуы, жаратылыстану ғылымдарының қарқынды дамуы, ғылымға бұрын-соңды болып көрмеген қызығушылықтың пайда болуы және т.б. — осылардың бәрі де жаңа ғасырға тән белгілер еді. XVIII ғасыр құдайға, қоғамға, мемлекетке, тіпті адамның өзіне деген көзқарастар өзгеріп, жаңа арнаға түсті.

XVIII ғасырдағы Франция мемлекеті Еуропаның рухани өмірінің негізгі ошағына айналды. Француз халқының философиясында, әдебиетінде, өнерінде және т. б. жаңа леп, соны бағыттар аңғарыла бастады. Осы уақытқа дейін ездерін Францияның қарсыласымыз деп есептеп келген Испания, Германия, Польша, Ресей, кіші Англия сияқты өркениетгі елдер француз мәдениетін мойындауға мәжбүр болды. Қоғамдық өмірдің қарама-қайшылықтары шиеленіскен Францияда «ағартушылық идеологиясы» 1789—1793 жылдары ұлы француз революциясының, ал одан кейін бүкіл Еуропаны жайлаған реформаторлық қозғалыстың теориялық және рухани алғышарттарына айналды. Шындығын айтсақ, бүгінгі заманның ең өркениетті елдерінің бірі Америка Құрама Штаттары да «ағартушылық идеяларының» негізінде қалыптасып, іргелі мемлекетке айналды.



Абстракционизм (ағылш. *abstractio* — дерексіздік, бөллініс, бөкшаулық) — қазіргі заман өнеріндегі қоршаған ортаны бейнелеуде нақты қаттарды ескермейтін ағым. Абстрактілі өнер шындықты тікелей керсетпейтіндіктен, оны кейде «затсыздандырылған», деп айтады.

Абстракционизм 1910 ж. Мюнхенде, Амстердамда, Мәскеуде шамамен бір уақытта қалыптасты да, 1930 ж. Париж бен Нью-Йоркте кеңінен өрістеді. Абстракционизмнің эстетикалық бағдарламасын 1910 ж. В. Кандинский «Өнердегі руханилық туралы» еңбегінде айқындап берді.

Абстракционист — кескіндемешілер заман динамикасын білдіретін өзіндік әдістер мен тәсілдер қалыптастырды, олар бүгінгі күні дизайнда, театр, кино мен теледидарда және бөлмелеринтерьері мен қызметтік офистерді көркемдеуде кең қолданыс тауып келеді. Көркемдік форманың қандай да кқріністерінен (фактура, аумақ, бояу) бас тартқан абстракті өнердің алғашқы үлгілерін Германияда В.В.Кандинский, Францияда Р.Депоне, Испанияда Ф.Пикабия, Ф.Купха, Ресейде К.С. Малевич, М.Ф.Ларионов, Н.С.Гончарова, Нидерландтағы жаңа пластикалық өнер өкілдері П.Мондариан, Т. ван Дусбюр] т.б. жасады. 1-дүние жүзілік соғыстан кейін Абстракті өнер көріністері дадаизм мен сюрреализм өкілдерінің жекелеген шығармаларынан байқалды.

Сонымен бірге архитектурада, безендіру өнерінде бейнесіздікке ұрыну, математикалық және инженерлік талаптарға бағынатын құрылыстар салу бағыты пайда болды («Стиль», «Баухауз» топтарының тәжірибесі). 1930 жылы басында негізінен Францияда әр ұлттың және әр бағыттың суреткерлерін біріктірген абстракті өнер топтары болды («Нақты өнер», 1930 ж; «Шеңбер мен төртбұрыш» 1930; «Абстракция және

философияда табиғатты барлық нәрсенің түп негізі, тану мен түсіндірудің әмбебап принципі ретінде қарастыратын философиялық бағыт.

Материалистік философияда табиғаттан жоғары тұрған ештеңе жоқ деп саналатындықтан, *санасы*, рухани құбылыстар түгелдей табиғаттың өзіндік қасиеті немесе оның дамуының заңды нәтижесі есебінде түсіндіріледі.

Натурализмнің идеалистік-философия тармақтарында діни көзқарас жоққа шығарылмайды және табиғатқа жандану немесе рухтану іштей тән деп есептеледі.

**Натурализм** әлеуметтік философияда қоғам өмірін әр түрлі табиғи себептерден (географиялық ортаның қасиеттерінен, адамдардың биологиялық және нәсілдік ерекшеліктерінен, т.б.), этикада моральдық принциптерді әлдебір табиғи бастамалардан (ғарыштан, адам биологиясы мен психологиясынан, т.с.с.) түсіндіруге ұмтылады.

Эстетикада натурализм көркем шығарманың дәлме-дәл бейнеленуін талап етеді. Табиғат көбінесе тірі табиғат, “табиғилық”, негізділік, тұтастық деп түсіндіріледі. Бұл “*табиғат*” “*жасандыға*”, механикалыққа, ал табиғат мәдениетке қарсы қойылады. Ол табиғи және жасандының, табиғат пен мәдениеттің қарама-қарсылықтарын өмір ұғымында біріктіруге тырысты.



**Поп-арт** (ағылшынша pop art - көпшілік өнер) - 20 ғасырдың 50 жылдары ортасында пайда болған ағылшын-американдық өнердің бір бағыты. Оның теор. негізгі прагматизм эстетикасы болып табылады ("өнер тілі іс жүзінде қолдануға пайдалы болуы керек").

Бірқатар сыншылар Поп-артты абстракционизмге реакция ретінде қарастырады. Поп-арт теоретиктері әрбір бұйым белгілі бір контексте өнер туындысына айналады, өзінің алғашқы мағынасынан ажырап, көркемдік сапаға ие болады деп санайды.

Заттық дүниені эстетикаландыру Поп-арттың ұстанымына айналған. Поп-арт - бұл тұрмыстық бұйымдардың композициясы. Кейде олар муляжбен (заттың бітімін дәл беретін бедер) немесе мүсінмен ұштасуы (бірлесіп бейнеленуі) мүмкін. Оның теориялық негізі прагматизм эстетикасы болып табылады: өнер тілі іс жүзінде қолдануға пайдалы болуы керек. Көркем бағыт ретінде

Поп-арттың көптеген түрлері бар. Поп-арт (көркем ұйымдастырылған оптик. әсерлер, геометрияландырылған тұзу сызықтар мен дақтардың комбинациясы); Эл-арт (электромотор көмегімен қозғалатын бұйымдар мен конструкциялар); Поп-арт терминін 1965 ж. ағылшын көркемөнер сыншысы Ф.Элоуэл енгізді.

Бұл бағыт сәуегейлік мәдениеттің ең көп таралған құбылыстарының бірі. Поп-арт ағымының өкілдері: П.Блейк, Р. Смит, Р.Раушенберг, Э.Уорнхолл, Д.Сигал, т.б

Романтизм (ағылш *romanticism*, фр. *romantisme*, нем. *romantik*) – 18 ғасырдың соңы мен 19 ғасырдың алғашқы жартысында Еуропа мен Америка елдерінің рухани мәдениетінде: музыка, театр, бейнелеу өнері, эстетика, т.б. әдеби-көркем салаларда тараған идеялық көркемдік бағыт.


Романтизмнің адамзат мәдениеті дамуындағы тарихи рөлі зор. Ол көптеген елдердің рухани мәдениетін гуманистік идеялармен байытты. Романтизм бағытында туған туындылардың кейіпкерлері әдетте болмыстың ырқымен келіспейтін, жақсы өмір, бақыт, азаттық үшін күресетін күшті жандар болып келеді.

Романтизм туындаларының тілінде әсірелегіш суреттер мол ұшырайды. Адамның бас бостандығын, ірі іс-әрекеттерге ұмтылыстарын мадақтау — Романтизм туындыларына ортақ қасиет. Кейде романтиктер туындыларында өмірден түңілушілік, тағдырға бас июшілік сарыны бой көрсетеді.

Романтиктер өздерінің мұратына сай келетін өмір материалдарын өткеннен де, келешектен де қатар іздейді.

Романтиктер ауыз әдебиеті, тарих, дін, өнер мәселелерін өз идеяларын насихаттау құралы ете білді. Олар дүние жүзі өнерінде тұңғыш рет адам жанының иірімдерін, тұңғыық тереңін ашып көрсетті.





Орындаған:  
Слямбекова  
Ақбота  
22-бух тобы

Тексерген:  
Мухамадиева